

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 тамыздағы N 834 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік комиссияны құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың тұрақты мониторингін және тиімділігін бағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысын бақылауды қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) мына құрамда құрылсын:

Ахметов - Қазақстан Республикасының
Даниал Кенжетайұлы Премьер-Министрі, төраға
Жақсыбеков - Қазақстан Республикасының
Әділбек Рыскелдіұлы Индустрия және сауда министрі,
төрағаның орынбасары

Омаров - Қазақстан Республикасының
Қайсар Оспанұлы Индустрия және сауда министрлігі
Құрылыс істері жөніндегі комитетінің
төрағасы, хатшы

Мемлекеттік комиссияның мүшелері:

Келімбетов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Нематұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрі

Дунаев - Қазақстан Республикасының
Арман Ғалиасқарұлы Қаржы министрі

Лукин - Қазақстан Республикасының
Андрей Иванович Индустрия және сауда вице-министрі

Шөкеев - Астана қаласының әкімі
Өмірзақ Естайұлы

2. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Мемлекеттік комиссияның шешімдері барлық құрылыс салушылардың, құрылысшы мердігерлік компаниялар мен фирмалардың назарына алынады деп белгіленсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы " _ _ _ " _ _ _ _ _ _ _ _

№ _ _ _ Ж а р л ы ғ ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын бақылауды жүзеге асыруға арналған мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - Мемлекеттік комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 маусымдағы N 715 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралар жоспарының орындалу барысын және жоспарланатын көрсеткіштеріне (индикаторларына) қол жеткізілуін бақылау арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) іске асырудың тұрақты мониторингін және тиімділігін бағалауды жүзеге асыру мақсатында құрылды.

2. Мемлекеттік бағдарламаны тиімді іске асыруға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу Мемлекеттік комиссияның міндеті болып табылады.

3. Мемлекеттік комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Мемлекет басшысы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

4. Мемлекеттік комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарынан, хатшыдан және комиссия мүшелерінен тұрады.

5. Мемлекеттік комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Мемлекеттік комиссияның функциялары мен өкілеттіктері

6. Мемлекеттік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және Мемлекет басшысына енгізу;
- 2) Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру тиімділігінің мониторингі мен бағалау;
- 3) Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары комиссияларының есептерін қарау.

7. Мемлекеттік комиссия өз құзыреті шегінде:

- 1) Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға қажетті шешімдер қабылдауға;
- 2) өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарынан с ұ р а т у ғ а ;

3) өз отырыстарында Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мәселелері бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары комиссияларының е с е п т е р і н т ы ң д а у ғ а ;

4) қажет болған жағдайда Мемлекет басшысына Мемлекеттік бағдарламаны одан әрі іске асыру туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

3. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру

8. Мемлекеттік комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі, Мемлекеттік комиссия төрағасының шешімі бойынша ол а ш ы қ н е м е с е ж а б ы қ б о л у ы м ү м к і н .

9. Мемлекеттік комиссияның отырыстары Мемлекеттік комиссияның мүшелері жалпы санының үштен екісі болған кезде заңды болады. Мемлекеттік комиссияның мүшелері оның отырыстарына ауысу құқығынсыз қатысады.

10. Мемлекеттік комиссияның шешімдері отырысқа қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

11. Мемлекеттік комиссияның отырыстарына Мемлекеттік комиссияның мүшелері болып табылмайтын лауазымды тұлғалар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының ө к і л д е р і ш а қ ы р ы л у ы м ү м к і н .

12. Мемлекеттік комиссияның төрағасы:

1) Мемлекеттік комиссияның қызметіне басшылық жасайды және оның отырыстарында т ө р а ғ а л ы қ е т е д і ;

2) Қазақстан Республикасының Президентін Мемлекеттік комиссияның істеген жұмысы туралы жарты жылда кемінде бір рет хабардар етеді.

13. Төраға болмаған кезде оның міндеттерін төрағаның орынбасары атқарады.

14. Мемлекеттік комиссияның хатшысы:

1) Мемлекеттік комиссияның мүшелерін Мемлекеттік комиссия отырыстарының уақыты мен орны туралы хабардар етеді;

2) Мемлекеттік комиссияның отырыстарына материалдар дайындауды ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

3) Мемлекеттік комиссия отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

4) Мемлекеттік комиссия шешімдерінің уақтылы және сапалы орындалуын бағалай отырып, Мемлекеттік комиссияның төрағасына істелген жұмыс туралы есеп береді;

5) Мемлекеттік комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша өзге де функцияларды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

15. Орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары

Мемлекеттік комиссияға өзіне жүктелген міндеттерді орындауына жәрдем көрсетуге
м і н д е т т і .

16. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері
жөніндегі комитеті Мемлекеттік комиссияның жұмыс органы болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК